



Кейбір бұйрықтарға өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылым министрінің м.а. 2024 жылғы 9 қыркүйектегі № 319 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 12 қыркүйекте № 35047 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтардың тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылым министрлігінің Құрылым және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен :

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылым вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Өнеркәсіп және құрылым
министрінің міндетін атқарушы

A. Бейспеков

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, инновациялар және
аэрофарыш өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасы
Өнеркәсіп және құрылым
министрінің міндетін
атқарушысының
2024 жылғы 9 қыркүйектегі
№ 319 бұйрығына
қосымша

Өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтардың тізбесі

1. "Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үй беру және пайдалану қағидаларын

"бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыш министрінің м.а. 2023 жылғы 5 желтоқсандағы № 106 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33748 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үй беру және пайдалану қафидаларында:

17-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"17-1. Тұрғын үй комиссиясы тұрғын үй беретін жергілікті атқарушы органның, мемлекеттік кәсіпорындардың, мемлекеттік мекемелердің, оның ішінде қоғамдық бірлестіктердің (болған жағдайда) өкілдерінің кемінде бес адамнан тұратын так санынан қалыптастырылады.";

17-3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"17-3. Тұрғын үй комиссияның хатшысы тұрғын үй комиссияның мүшесі болып табылмайы және дауыс беруге құқығы жоқ.".

2. "Тұрғын үй көмегін беру қафидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыш министрінің 2023 жылғы 8 желтоқсандағы № 117 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33763 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Тұрғын үй көмегін көрсету қафидаларында:

24-тармақтың 23) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"23) Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыш министрінің м.а. 2024 жылғы 17 маусымдағы № 221 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 34524 болып тіркелген) Жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғынжай үшін азаматтардың жекелеген санаттарына төлемдер тағайындау және жүзеге асыру қафидаларына сәйкес жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғын үй үшін азаматтардың жекелеген санаттарына тұрғын үй төлемдері.";

"Тұрғын үй көмегін тағайындау" мемлекеттік қызметтер көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде:

реттік нөмірі 3-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	6 (алты) жұмыс күн
---	------------------------------------	--------------------

".

3. "Тұрғын үй комиссиялары туралы үлгі ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыш министрінің 2024 жылғы 4 шілдедегі № 244 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 34710 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Тұрғын үй комиссиялары туралы үлгі ережелерінде:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Тұрғын үй комиссиясы тұрғын үйді жекешелендіруге құқық беретін, оның ішінде жергілікті атқарушы органның, мемлекеттік кәсіпорындардың, мемлекеттік мекемелердің, оның ішінде қоғамдық бірлестіктердің (болған жағдайда) өкілдерінің кемінде бес адамнан тұратын тақ санынан қалыптастырылады.";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Тұрғын үй комиссияның хатшысы тұрғын үй комиссияның мүшесі болып табылмайы және дауыс беруге құқығы жоқ.";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Тұрғын үй комиссиясының құрамына мыналар кіреді:

аппарат басшысы немесе жергілікті атқарушы органдардың, мемлекеттік кәсіпорындардың, мемлекеттік мекемелердің бірінші басшысының орынбасарлары;

заң қызметінің басшысы (болған жағдайда);

қаржы қызметінің басшысы;

персоналды басқару қызметінің (кадр қызметінің) басшысы;

Тұрғын үй комиссиясының хатшысы;

үштен аспайтын қоғамдық бірлестіктердің өкілдері (болған жағдайда);

жергілікті атқарушы органдардың, мемлекеттік кәсіпорындардың, мемлекеттік мекемелердің өкілдері.".

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК